

**«Аслан - Али» ЖШС-нің «Томирис» балабақшасының
психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметінің маманы
педагог-психологтың
міндеттері**

1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді;
2. Мектепке дейінгі білім беру деңгейлерінде психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
3. Мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, ата-ана және отбасындағы қарым-қатынастар) бар балаларды анықтау, қолдау;
4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санаттарын психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды тәрбиешілермен сабақтар барысында және арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде басқа мамандармен бірлесіп жүзеге асырады;
5. Тәрбиешілер мен ата-аналардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады;
6. Білім беру ұйымының басқа мамандармен бірлесе отырып баланың дамуының әлеуметтік жағдайын зерттейді;
7. Кәсіптік этиканы және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың жеке ерекшеліктеріне байланысты құпиялылықты сақтайды;
8. Білім беру ұйымның басқа мамандарына қажеттілігіне қарай кеңес береді;
9. Педагогикалық-психологиялық қолдап отыру қызметінің ережесін мамандармен бірігіп дайындайды.

Аты жөні: _____

Атқаратын қызметі: _____

Таныстым: _____

Күні, айы, жылы: _____

**«Жау жүрек мын бала» ЖШС-нің «Сафия» бөбекжай балабақшасының
психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметінің маманы
әдіскердің міндеттері**

1. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру процесін ұйымдастырады және бақылайды;
2. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыру жеке бағдарламасын жасауға, қолдап отырудың нәтижелерін, тәрбиеленушінің даму динамикасын, жетістіктерін талқылауда қатысады;
3. Тәрбиешілер, педагог-психолог, логопед, т.б. мамандардың өз жоспарларына сәйкес жүргізілген жұмыстардың қорытындыларын жинақтайды;
4. Қажет туындаған жағдайда бағдарламаны өзгерту туралы ұсыныс қабылдайды;
5. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың даму жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастырады;
6. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметін (білім беру ортасының сапасын, мүмкіндіктері шектеулі және «қалыпты» балалардың даму динамикасын) мониторинг жүргізеді;
7. Баланың жанұялық тәрбиесі мәселелері бойынша ата-анамен өзара әрекеттеседі;
8. Педагогикалық-психологиялық қолдап отыру қызметінің ережесін мамандармен бірігіп дайындап, бекітуге ұсынады;
9. Педагогикалық-психологиялық қолдап отыру жөніндегі мамандардың құрамы мен міндеттерін айқындайды;
10. ПМПК анықтамалары жинақтап, ерекше білімді қажет ететін балалардың тізімін құрады;
11. Жаңа оқу жылының басында және әр тоқсан сайын (қажет болған жағдайда кезектен тыс) педагогикалық-психологиялық қолдап отыру қызметінің отырысын жоспарлайды, хаттамасын жүргізеді;
12. Педагогтер мен мамандардың кәсіби өсуі үшін пәнаралық негізіне жағдай жасайды;
13. Білім алуы барысындағы жетістіктерін бағалауды жүргізу мен қиындықты және оның күрделілігін анықтау үшін ата-аналардан (заңды өкілдерден) келісім алады;
14. Тәрбиешілер мен мамандардың жүргізген талдау, анықтамаларын қабылдап жинақтайды;
15. Кәсіптік этиканы және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың жеке ерекшеліктеріне байланысты құпиялылықты сақтайды;

Аты жөні: _____

Атқаратын қызметі: _____

Таныстым: _____

Күні, айы, жылы: _____

**«Жау жүрек мын бала» ЖШС-нің «Сафия» бөбекжай балабақшасының
психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметінің маманы
тәрбиешілердің міндеттері**

1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді;
2. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарының негізінде мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды сабақ барысында топтық сабақтарды ұйымдастыру негізінде жүзеге асырады;
3. Білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеруінде қиындықтарды анықтау мақсатында оқу жылының басында оқу жетістіктеріне талдау жүргізеді, оқу бағдарламаларын бейімдейді;
4. Кәсіптік этиканы және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың жеке ерекшеліктеріне байланысты құпиялылықты сақтайды;
5. Оқу процесін дараландырады және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың жетістіктерін бағалайды, білімдеріндегі, біліктеріндегі, дағдылардағы олқылықтарды толтырады;
6. Тәрбиеленушінің бағдарламаны меңгергендігін анықтау үшін, әр тоқсан аяғында талдау жүргізеді, жүргізілген талдау, анықтамалардың нәтижесінде қажеттілігіне қарай бағдарламаға өзгерістер енгізеді;
7. ПМПК ұсынысы негізінде тәрбиеленушінің деңгейін ескере отырып, циклограмма құрады.

Аты жөні: _____

Атқаратын қызметі: _____

Таныстым: _____

Күні, айы, жылы: _____

**«Жау жүрек мын бала» ЖШС-нің «Сафия» бөбекжай балабақшасының
психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметінің маманы
педагог-логопедтің міндеттері**

1. Мектепке дейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын мектепке дейінгі ұйымның, оның ішінде арнаулы мектепке дейінгі ұйымдардың арнаулы педагогы үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес кемтар балалармен жеке, топтық және кіші топтық сабақтар (сабақтар) өткізеді;
2. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізеді және тәрбиеленушілердің ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады;
3. Даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың психофизикалық даму бұзылыстарын еңсеру үшін жеке оқу, жеке-дамытушы, түзету-дамытушы бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады және жеке (кіші топтық, топтық сабақтар) сабақтар өткізеді;
4. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді;
5. Білім беру ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асырады;
6. Басқа педагогтермен және мамандармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді, білім беруде инклюзивтілік қағидатын іске асыруға ықпал етеді;
7. Басқа педагогтермен және мамандармен тығыз байланыста мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту және әлеуметтендіру жөніндегі қызметті жүзеге асырады;
8. Тәрбиешілерге, балалардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне оқыту мен тәрбиелеудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану жөнінде консультация береді;
9. Жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының және үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқытудың алуан түрлі нысандарын, білім беру технологияларын, тәсілдерін, әдістері мен құралдарын пайдаланады;
10. Ерекше білім беру қажеттіліктерін командалық бағалауды жүргізуге қатысады;
11. Жеке оқу, жеке-дамыту, түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады және жеке (кіші топтық, топтық сабақтар) өткізеді;
12. Тәрбие процесі кезеңінде балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Аты жөні: _____

Атқаратын қызметі: _____

Таныстым: _____

Күні, айы, жылы: _____